

СЕГОДНЯ ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ СТОЯТ В РЯДУ САМЫХ ВАЖНЫХ И ОПРЕДЕЛЯЮТ УРОВЕНЬ БЛАГОПОЛУЧИЯ ВСЕГО МИРА. ЧЕЛОВЕЧЕСТВО В СВОЕМ РАЗВИТИИ ПОДОШЛО К ТОМУ ПОРОГУ, КОГДА НЕОБХОДИМО КОНКРЕТНЫМИ ДЕЙСТВИЯМИ СПАСАТЬ И СОХРАНЯТЬ ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ. ПОЭТОМУ, ЧЕМ АКТИВНЕЕ ВСЕ МЫ ВКЛЮЧИМСЯ В ПРАКТИЧЕСКИЕ ДЕЙСТВИЯ, ТЕМ БОЛЬШЕ ШАНСОВ СОХРАНИТЬ ЕЕ ДЛЯ БУДУЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ.

Батыр КОТЫРЕВ,
главный инженер АО «НК «ҚТЖ»



№47-48 (2655-2656)
25/06/2021
rail-news.kz

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ


РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



БІРЫҢҒАЙ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ ҚОСЫЛУДА

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Цифрлық трансформация» бағдарламасы аясында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-да коммерциялық функцияларды орталықтандыру және автоматтандыру жобасы ресми түрде басталды.

 **Ислам ТАЛҒАТ,**
Нұр-Сұлтан

Ол Бірыңғай клиенттерге қызмет көрсету және тасымалдауды рәсімдеу процесінің орталығын құруға бағытталған. Пилоттық режимде жоба Ақмола жүк тасымалы бөлімшесінде іске қосылды. – Бұл жоба қызмет көрсетудің қолданыстағы технологиясын өзгертуді және клиенттерге кешенді сервистік қызмет көрсетуді енгізеді. Біз жүк жөнелтушілер мен жүк қабылдап алушыларға

сапалы әрі қолжетімді сервис ұсынамыз, – дейді жоба директоры Нұржан Келбұғанов. Жобаны сәтті іске асыру үшін жұмыс тобы құрылып, оның құрамына жүк шаруашылығы қызметінің, IT-блоқтың білікті мамандары, кадр және заң қызметтерінің сарапшылары кірді. Бірыңғай қызмет көрсету орталығы жүк тасымалдауды ұйымдастыру кезінде клиенттердің тауар қасиеттерімен, вагоншылармен, вагондар мен контейнерлер операторларымен және темір жолдың басқа да жауапты тұлға-

ларымен өзара іс-қимыл процесін өзгертуді көздейді. Өндірілетін төлемдердің ашықтығы «Шарттық және коммерциялық жұмыс» автоматтандырылған басқару жүйесі (ШҚЖ АБЖ) есебінен қамтамасыз етіледі. Бүгінгі күні жүйенің жұмыс істеуінің арқасында республикаішілік қатынастағы тасымалдардың 94%-ы онлайн режимде, ал 25% дейін халықаралық қатынаста рәсімделуде. Жүйе тасымалдау құжаттарын рәсімдеу процедурасын жеңілдетумен қатар адам факторының қатынасуын жойды.

Совещание

НА ПУТИ К ЭТАЛОНУ

Результаты работы Костанайского отделения грузовых перевозок по итогам пяти месяцев 2021 года, в том числе по обеспечению безопасности движения поездов и охране труда, обсудили в ходе рабочего визита в регион заместителя генерального директора ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Каната Кобесова.

 **Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

На совещании с коллективом Костанайского отделения ГП Канат Кобесов отметил, что в рамках реализации 20 инициатив руководства ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» по пяти стратегическим секторам развития – клиентоориентированность, конкурентоспособность, систематизация, цифровизация и повышение доходности (эффективности) – Костанайское отделение ГП станет образцовым. Костанайское отделение является одним из крупнейших структурных подразделений железной дороги. Основная номенклатура грузов: железная, цветная руда, зерно. На территории отделения функционирует крупный железнодорожный узел – станция Тобол, единственная работающая на пять направлений в Казахстане. В настоящий момент ведется преобразование ряда предприятий в эталонные. Среди них – отделения ГП Костанай и Шымкент, локомотивные депо Семей, Оскемен, вагонное депо Алматы, Атырау. Их успешный опыт будет растиражирован во всех регионах страны.



На совещании отмечалось, что по итогам 5 месяцев текущего года общая погрузка по сети Костанайского отделения ГП выросла на 9,5% и составила 13 миллионов тонн. Львиная доля приходится на железную руду. За январь-май 2021 года перевезено 7,7 миллиона тонн руды, что на 11,5% выше аналогичного периода прошлого года. На 6% выросла погрузка цветной руды (3,2 млн тонн). Оправдала Костанайская область звание основной житницы Казахстана. Так, за пять месяцев этого года погрузка зерна увеличилась на 9,8% (936 тыс. тонн). В среднем в сутки в отделении выгружается свыше 430 тысяч тонн груза. На совещании также подвели итоги

весеннего комиссионного осмотра и подготовки подвижного состава к работе в летних условиях. Отмечалось, что добросовестно провели осмотр коллективы станций Аркалык, Кушмурун, Джаркуль, Озерная, Челпаши, Талдыколь, пунктов технического обслуживания Арка, Железородная, Тобол, Костанайского локомотивного

эксплуатационного депо и оборотного депо Кушмурун. Особое внимание уделено вопросу обеспечения безопасности движения поездов и охране труда. На предприятиях улучшилось снабжение производственного персонала спецодеждой, спецобувью, средствами индивидуальной защиты, фонарями, радиостанциями. Для работников создаются комфортные условия труда, рабочие места и места приема пищи оснащены кондиционерами, холодильниками, диспенсерами для воды. В завершение встречи Канат Кобесов дал руководству Костанайского отделения ГП ряд поручений.

Фото автора

ПОЕЗДА БУДУТ КУРСИРОВАТЬ ЧАЩЕ



В Казахстане увеличена периодичность курсирования пассажирских поездов в Усть-Каменогорск и Павлодар.

В соответствии с решением Межведомственной комиссии РК и письма Министерства индустрии и инфраструктурного развития, увеличена периодичность курсирования пассажирских поездов трех пассажирских поездов – №68/67 Нур-Султан-Нұрлы жол – Оскемен-1, №351/352 Алматы-2 – Оскемен-1 и №31/32 Алматы-2 – Павлодар.

Поезд №68/67 Нур-Султан-Нұрлы жол – Оскемен-1 вместо одного раза в неделю будет курсировать ежедневно отправлением из столицы 23 июня 2021 года с прибытием в Оскемен-1 24 июня. В обратном направлении – в тот же день.

Пассажирский состав №351/352 Алматы-2 – Оскемен-1 вместо графика «через день» теперь тоже курсирует ежедневно отправлением из Алматы-2 с 23 июня текущего года и прибытием в Оскемен-1 24 июня, последующим отправлением из Усть-Каменогорска сегодня (25.06.2021 г.) и прибытием в Алматы на следующий день.

Кроме того, с 26 июня увеличивается периодичность курсирования пассажирского поезда №31/32 Алматы-2 – Павлодар. Вместо назначенных дат он будет курсировать ежедневно, отправлением из Алматы-2.

При этом сохраняется запрет на продажу билетов и на посадку/высадку пассажиров на станциях Дегелем, Семей, Жана-Семей, Шар, Жангиз-Тобе, Жарма, Ушбик, Ангоз и Актогай.

В пресс-службе национального перевозчика сообщили, что всю актуальную информацию по графику движения пассажирских поездов можно получить по номеру 105, а также на сайте Bilet.railways.kz и аккаунтах АО «НК «Қазақстан темір жолы».

Перевозчик призывает пассажиров в период распространения коронавирусной инфекции соблюдать масочный режим на вокзалах и в поездах и по возможности оформлять железнодорожные билеты «онлайн», в том числе с помощью мобильного приложения «Билеты ҚТЖ».

Роман ЛЮБИМОВ

ВАГОНДАР САНАҒЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2021 жылдың 20-31 маусымы аралығында жол қатынасы деңгейіндегі жолаушылар паркi вагондарына тiкелей санақ жүргізеді. Осы техникалық рәсім барысында жалпы қолданыстағы, табаны 1520 мм болатын жолдарда пайдаланылатын жолаушылар паркi вагондары мен олардың жағдайына баға берілетін болады.

Меншік түріне қарамастан 8 нөмірлі барлық вагондардың санағы жүргізіледі. Жол қатынасы деңгейіндегі осындай шара Қазақстанда бірінші рет жүргізілуде. Болашақта оны жыл сайын жүргізу жоспарлануы отыр.


Жол қатынасы деңгейіндегі санақ бірнеше басты мәселені шешуге ықпал етеді. Біріншіден, мемлекетаралық және ұлттық деңгейдегі ақпараттық жүйеде тіркелмеген вагондардың жалпы қолданыстағы жолдарда пайдаланылатындығы немесе алып тасталатындығы белгілі болады. Екіншіден, бұл рәсім вагон жөндеу және техникалық қызмет көрсетудің автоматтандырылған жүйесін тез жүзеге асыруға көмектеседі. Үшіншіден, ол вагон бөлшектері мен тораптардың санкцияланбаған алмасулары болуы мүмкін екендігін алдын ала ескерте алады. Соның нәтижесінде бұл тек жолаушылар паркi вагондарына сенімді арттырып қоймай, сонымен қатар тасымалданатын жүктер мен жолаушылардың қауіпсіздігіне де оң әсер етеді.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

С ASHYQ НАДЕЖНЕЕ



Железнодорожный вокзал Караганды начал работать через приложение Ashyq.

 **Светлана МОГАЙ,**
Караганда

Отныне внутри здания вокзала шахтерской столицы смогут попасть лишь те пассажиры и провожающие, которые имеют в системе «зеленый» или «синий»

статус. В случае выявления «желтого» или «красного», путешествие придется отменить, при этом пассажиру вернут деньги за билет.

В Казахстане приложение Ashyq активно внедряется на различных объектах, где бывает большое скопление людей.



Ежедневно Карагандинский железнодорожный вокзал посещает более тысячи человек, а с перрона отправляется до 30 поездов.

– Большинство людей приходят на вокзал за несколько часов до отправки и ждут прибытия поезда в зале ожидания.

Благодаря приложению Ashyq мы теперь точно знаем, какой статус у пассажира, что он не контактирует и не заражен. Это может обезопасить окружающих и наш персонал, – считает дежурный помощник начальника вокзала Бакыт Игибаев.

По мнению начальника отдела предприятий Карагандинской области Азамата Даненбаева, приложение Ashyq показало свою пользу как способ профилактики распространения коронавирусной инфекции. Эту систему используют аэропорты Нур-Султана и Алматы, вокзалы столицы и других городов нашей страны.

Продолжение темы на 2 стр.
Фото автора

МАШИНИСТЕР ҢНТАЛАНДЫРЫЛАДЫ

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан



ЛОКОМОТИВ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-де тартым-энергетикалық ресурстарын тұтынуды басқару тәсілдері қайта қарастырылмақ. Бұл туралы жол бөлімшелері мен локомотив деполары өкілдерінің қатысуымен «Отын мен электр энергиясы үлестік шығынын оңтайландыру» атты жоба шеңберінде өткен «Цифрлық трансформация» бағдарламасының отырысында айтылды.

Шығындарды оңтайландыру бойынша жоба пилоттық тәртіпте Павлодар, Екібастұз, локомотив пайдалану деполары мен Ерейментау айналым депосында жүзеге асырылатын болады. Заманауи ақпараттық технологиялар, есепке алу жүйесі және энерго ресурстарды тұтынуды нормалауды қоса алғанда пойыздар тартымы бойынша энергия тиімділікті арттыру бойынша ұйымдастырушылық-техникалық шаралар жоспары жасалды.

Екібастұз локомотив пайдалану депосының бастығы Әмір Тәкішевтің айтуынша, энергия тиімділікке локомотив отынын экипировкалаудың технологиялық үдерісін автоматтандыру, дизель отынын ұрлау фактілерінің жолын кесу арқылы қол жеткізуге болады.

«Ресурс жинақтау шараларының бірі – локомотив бригадаларын отын үнемдегені үшін ынталандыру. Пойыз тартымы бойынша электр энергиясы мен отынды үнемдеуге қол жеткізген пойыз машинистері ТОП-5 және ТОП-10 рейтингіне кіретін болады. «Рейтингке» кіретін машинистерді ынталандыру мақсатында оларға сыйақы төленеді», – деді Ә.Тәкішев.

Машинистің шеберлігі әр сапар арасында қалыптасады. Осыны ескере отырып деподағы тәжірибелі машинистер жас әріптестеріне тәлімгерлік етеді, бұл локомотив жүргізу тиімділігін арттырып, жолда жүргенде отынның үлестік шығынына әсер етеді.

Қазіргі таңда пойыз тартымына отын-энергетикалық ресурстар есебін жүргізу және оны бақылауды «Энерго диспетчерлік тартым» автоматтандырылған басқару жүйесі жүргізеді (АСУ ЭДТ). Адами факторсыз жұмыс істейтін жүйе өз бетінше локомотив жүргізген жұмыс параметрлері мен электр энергиясы және дизель отынының іс жүзіндегі шығынын салыстыра қарастыра алады. Отынды шығындау жалпы нормадан ауытқыған жағдайда ол белгі береді. Жүйедегі нақты уақыт режиміндегі барлық ақпарат локомотив депосына және орталық аппаратқа түсіп отырады, сол жерде шұғыл шешімдер қабылданады.



«ASHYQ» ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Айсұлтан АРМАН,
Маңғыстау



ЖҮЙЕ

1 шілдеден бастап түбектегі Маңғыстау және Бейнеу теміржол вокзалдарында «Ashyq» жобасы іске қосылмақ. Бүгінде жобаны қолданысқа енгізудің қажетті дайындық жұмыстары пысықталуда.

Бейнеу теміржол вокзалында бес жерге, Маңғыстау вокзалына он жерге QR-код ілінген. QR-кодты сканерлейтін «Ashyq» кіру жүйесі екі вокзалдың барлық кіреберістерінде жұмыс істейтін болады. Жолаушылар кірген кезде QR-кодты «Ashyq» мобильді қосымшасы арқылы немесе Kaspi.kz, Homebank, Alty қосымшалары арқылы сканерлеу қажет. Ал егер жолаушыда осы аталған қосымшалар да, смартфон да болмаса, кіреберісте арнайы бекітілген вокзал қызметкеріне ЖСН көрсету арқылы мәртебесін анықтауына болады. Шетелдік жолаушылар төлқұжатының нөмірі бойынша сол жерде тіркеледі.

– Коронавирустың инфекцияның таралу қаупін азайту мақсатында Маңғыстаудағы екі теміржол вокзалына да 1 шілдеден бастап ашық жобасы енгізіледі. Соған байланысты 15 маусымнан Маңғыстау, 16 маусымнан Бейнеу вокзалдарында жүйе сынақ ретінде жұмысын бастады. Жоба іске қосылған сәтте әр вокзалдың кіреберісіне вокзал кезекшілерінен арнайы қызметкер бекітіледі. Қазір оларға керекті планшет мәселесі қарастырылуа. Сондай-ақ, бұл жұмысқа еріктілерді де тартуды ойластырып отырмыз, – деген Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі директорының вокзал шаруашылығы бойынша орынбасары Рустам Тухтияев еріктілер немісе әкімшілік тарапынан уақытша адам бөлу жөнінде Маңғыстау вокзалы орналасқан Мұнайлы және Бейнеу вокзалы тұрған Бейнеу ауданы әкімдіктеріне хат жазғандарын жеткізді. Егер бұған әкімдік келіссе, Бейнеу вокзалында үш, Маңғыстауда бес адам осы жұмысқа қолғабыс ететін болады. Олар жолаушылардың статусын анықтауға көмектесіп, өз кезегінде вокзал кешенінде арақашықтық сақтау, жолаушылар нөпірін азайтуға септік етпек.

Суретті түсірген автор

ТҮБЕККЕ МАЛ АЗЫҒЫ ЖЕТКІЗІЛДІ



АЙМАҚ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Елдің солтүстік өңірінен шыққан жүк әдеттегіден екі есе жылдам, кідіріссіз келді. Мал баққан халық үшін бұл ауадай қажет көмек болды. Өйткені биылғы көктемгі қуаңшылық мал баққан жұртты жуанның созылып, жіңішкенің үзілетін кезеңіне жеткізген еді.

– 16 маусым күні таңертеңгі селекторлық жиналыста өңірімізге министрліктің бақылауымен арпа-жем тиелген он вагон жолға шығатыны туралы компания басшылығы тарапынан тапсырма берілді. Деректі алған бойда жедел жұмысқа кірісіп, Ақтөбедегі диспетчерлік орталықтағы мамандарымызбен келісіп, аталған жүктің кедергілерсіз тез жетуін бақылауда ұстадық. Алғашқы лекпен 16 маусымда Қостанай облысынан шыққан бес вагон Шетпе станциясына 19 маусымда, үш тәулікте жетті. Әдетте солтүстік аймақтан бізге жүк пойыздары жеті-сегіз күнде

кететін. Екінші партиядан тағы бес вагон 20 маусымда Шетпе станциясына жетті. Сол жерде вагондар түсіріліп, жан-жаққа жүк көліктерімен тасымалдануы тиіс болатын. Тағы да уақыттан ұтып, артық жұмыстан арылу үшін ақылдаса отырып Шетпе станциясына бағытталған жүкті қайта рәсімдеп, бірінші пойызбен Өзен және Маңғыстау станцияларына жеткізіп бердік. Вагондардың үшеуі Өзен, екеуі Маңғыстау станциясына жөнелтілді, – дейді Ақтөбе жүк тасымалы бөлімшесінің Маңғыстау логистика бөлімі бастығы Айбек Утеков.

Айтуынша, бұл аталған жүк «Каспий» ӘКК» АҚ-ның «Азық-түлік Корпорация» АҚ-мен келісімшарты негізінде арзан бағамен әкелінген, қазір тиісті станцияларға түсіріліп, шалғай ауылдарға тасымалдануда. Бір келісі операторларға байланысты 87-92 тонна аралығында сатылуда.

Облысқа басқа да жеке мекеме-лерге, фермерлерге келіп жатқан жем-шөп тиелген вагондар баршылық екен. Маңғыстау теміржо-



лының басшылығы барлығына бірінші кезекте қолдау көрсетуде.

– Облысымызға теміржолмен мал азығын жеткізушілердің жүктерін орталық диспетчерлік аппаратпен бірлесе бақылауға алып, кедергісіз тез жетуін қолға алдық. Бүгінде жеке мекемелер мен азаматтарға Қостанай, Өскемен, Ақтөбе, Қызылорда облыстарынан престелген шөп, арпа, камбикорм, бидай қалдығы сынды жемдер әкелінуде. Вагон нөмірлерін алып, қайда келе жатқаны, қашан, қай жерге баратыны – бәрі бақылауда. Негізінен қазір Шетпе, Сай-Өте, Ақтау порты, Маңғыстау, Өзен, Бейнеу, Жетібай станцияларына мал азығы келуде. 16 маусым күні жалпы мәлімет бойынша облысқа 27 вагон жем-шөп келе жатқаны белгілі болған еді. Қазірде соның

жартысы келді, тұйықтарға беріліп, түсіріліп жатыр. Ақтөбеден бүгін таңертең тағы екі вагон қосылыпты. Жалпы, біз бақылауға алғалы Шетпеде жеке тұлғалардың бес, Бейнеуде бір вагоны түсірілді. Ақтау портына екі вагон кетті, – дейді логистика бөлімінің бастығы.

Маңғыстау теміржолының басшылығы жеке тұлғалар мен кәсіпкерлер атына келе жатқан жем-шөптің станцияға кіргеннен кейінгі жағдайын да ойластырып қойыпты. Күнделікті селекторда станция басшыларына тиісті тапсырмалар беріп отыр. Дер кезінде маневрлік тепловоздардың берілуі, вагон қараушылар вагонды уақытты қарап, тұйыққа жеткізілуі, құжаттардың тез рәсімделуі – бәрі-бәрі бақылауда.

Суретті түсірген автор

ПОЙЫЗ ТАРТЫМЫНДАҒЫ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҮНЕМ ӨСУДЕ



ТАСЫМАЛ

Қуан ЕРТІС,
Семей

Әсіресе, қағазсыз технологияның осынау түрі пойыз тартымындағы энергетикалық ресурстарды мейлінше үнемді жұмсауда және есептеуде оң нәтиже көрсетіп, шығынды да азайта түсуде. Семей ЖТ бөлімшесі бойынша өндірістегі үнем – алдыңғы кезектегі жолға қойылған мәселе. Бұл ретте жыл басынан бері қолға алынған жоспарлы шаралар біршама оң нәтижесін беріп отыр.

Бір ғана мысал, ағымдағы жылдың бес айы бойынша жанармай үнемділігі өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда біршама артқан. Әсіресе, бөлімшеге қарасты ТЧЭ-22 мекемесінің локомотив бригадалары бұл орайда ерлеп тұр. Шығыстағы аталмыш депо машинистері жүктемнің өскеніне қарамастан 7326,455 тоннаның орнына 7317,070 тонна ғана дизельді отын жұмсапты. Яғни, 9,385 тонна жанармай үнемделген. Қазіргі таңда бөлімшенің өндірістік-техникалық бөлімінің мамандары аталмыш жайтты тереңірек зерттеуде. Тиімділік – өзге локомотив деполарына үлгі етіліп, елеулі деп танылған жаңашылдықтар өндіріске енгізілмек. Оған себеп, Аягөздегі ТЧЭ-25 мекемесінде межелі



жоспардан ауытқу бар. Дизельді отынның шығыны 245,788 тоннаға дейін артып кеткен.

Әйтсе де, бұған қарамастан Семей ЖТ бөлімшесі бойынша пойыздар тартымына жұмсалатын дизельді отынды үнемдеудің тың тәсілдері жыл сайын жаңадан қолға алынуда. Бұл орайда жүк түріндегі тепловоз паркін пайдалану бірнеше пайызға кемітіліп, вагон айналымындағы уақыт азайтылған болатын. Мұның сыртында пойыз тартымына жұмсалатын жанармай шығынының өсуіне жол бермейтін локомотив бригадаларының да саны артқандығы байқалады. Мәселен, ағымдағы жылдың бес айы ішінде бөлімшеге қарасты деполар бойынша 589 машинист 397,711 тоннаның жанармайын үнемдепті. Сәйкесінше, 125 машинист дизельді отынның 77,956 тоннасын артық шығын ретінде жұмсаған.

Яғни, осынау тәжірибе көрсеткендей, жанар-

май үнемділігінің орын алуы алғашқы кезекте машинистерге байланысты. Тек локомотив бригадаларының күш салуы себепті ғана бөлінген жанармай деполардың ресурстық қорында қалады. Бұл ретте биылғы көрсеткіш көңіл қуантарлықтай, өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 8,004 тонна артық үнемделген.

Жалпы, отын-энергетикалық ресурстарды үнемдеу бойынша карантиндік шектеу шаралары жанама түрде ықпал еткенін де айта кеткен орынды. Оған ҚХР бағытындағы пойыздардың техникалық станцияларда тұрып қалуын мысал ретінде алуға болады. Сонымен қатар, бөлімше бойынша жүк айналымының 107 пайызға артуы мен аралық станциялардағы қозғалыстың жиілігі де себеп болуда.

Тағы бір айта кетер жайт, жалпы отын-энергетикалық қор бойынша жанар-жағармайға қол сұғу мәселесі мүлде тіркелмеген. Тоқтала кетер болсақ, қауіпсіздік шаралары мақсатында барлық тепловоздар жоғарыда айтып өткеніміздей, арнайы энергетикалық отын тартымын анықтайтын көрсеткіш дәлдігі аса жоғары АСУ ЭДТ жүйесі сынды аспаппен жабдықталған. Локомотивтердегі энергодиспетчерлік тартымды анықтайтын бұл құралдар жылу мен қуат үшін отын жұмсау бойынша адами факторлардың орын алуына мүлде жол бермейді екен.

Суретті түсірген автор

ПАНДЕМИЯ КЕДЕРГІ ЕМЕС



СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Станция бастағының орынбасары Нұрғали Әбжаппаровтың мәліметінше, станция теміржолшылары өткен бес айда 3010 вагонға 208821 тонна жүк тиеп, өндірістік жұмыс жоспарын толық орындаған. Сондай-ақ, 52 пойыздан 2677 вагонды ажыратып, 64 пойызға 2767 вагонды тіркеген. Аса қауіпті аймақ саналатын теміржол бойындағы өндірістік, маневрлік жұмыстарда сақтық пен қауіпсіздік те қатаң сақталған. Станция басшылығы әрбір ауысым алдында және бекітілген жүйе бойынша техникалық сабақтар мен пысықтау инструктаждарын тұрақты жүргізіп, бақылау, тек-

серу жұмыстарын талапқа сай жүргізеді.

Осылайша жұмыс көрсеткіштерін жыл басынан бергі бес ай ішінде 83 пен 239 пайыз деңгейінде орындаған шиелілік теміржолшылар әлемдік пандемияға байланысты кейбір көрсеткіштер межеге жетпей жатса да, жалпы жұмыс үдерісі қалыпты екенін айтады.

– Бұл жерде жүк вагондарының құжаттарын рәсімдеу кезіндегі бос тұру жоспарының 83 пайызбен нәтижеленуін алдағы уақытта жетілдіріп, межеге жеткізуге күш салатын боламыз.

Жалпы станция теміржолшыла-



рының бәрі өз кәсібін жан-жақты игерген, сенімді жұмыс жасайтын кәсіби мамандар саналады. Бәрі де тәжірибелі мамандар, дегенмен олардың арасында станция кезекшісі У.Смайлов, пойыз құрастырушы И.Қарамырзаев, станция

кезекшісі жанындағы оператор С.Абдиев сынды станцияның жүгін көтерер теміржолшыларды мақтан тұтамыз, – деді станция бастағының орынбасары Нұрғали Әбжаппаров.

Суретті түсірген автор

ЛЮДИ – ГЛАВНЫЙ ПРИОРИТЕТ



Планы по повышению эффективности деятельности и производительности труда, проекты трансформации ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», а также подходы по социально-ответственному высвобождению персонала оосудили в рамках HR-комитета «Люди в проектах цифровой трансформации», прошедшем в онлайн-режиме.



Любовь РОВБА,
Нур-Султан

Мероприятие объединило на платформе Zoom свыше 190 участников. Важно отметить, что впервые в новом формате тематического HR-комитета помимо представителей HR-служб системы КТЖ из всех регионов страны приняли участие руководители ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», филиалов АО «НК «КТЖ» – «Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта», «Центр трансформации бизнеса», «Дирекция автоматизации и цифровизации», а также ОО «Казпрофтранс».

В приветственном слове заместитель председателя правления по корпоративным вопросам и HR АО «НК «КТЖ» Серик Кеулимжаев отметил, что Советом директоров одобрен портфель Программы трансформации, реализация которого может повлиять на численность работников КТЖ.

– Хочу особо подчеркнуть наш приоритет при реструктуризации трудовых ресурсов: не увольнение, а оптимизация численности и сохранение социальной стабильности. Трансформация – системный взаимосвязанный процесс, направленный на увеличение производственной эффективности и рационализацию бизнес-процессов. На сегодняшний день это самая актуальная тема, и мы хотим, чтобы вы были в курсе реализованных и будущих инициатив компании, – обратился он к участникам.

В ходе HR-комитета отмечалось, что сотрудники HR-службы являются агентами изменений, трансляторами послымо и целей компании для работников на местах.

– Основная цель наших трансформационных программ и инициатив – повышение производительности. В 2020 году из-за пандемии коронавируса и связанного с ней снижения пассажирооборота производительность компании несколько снизилась по отношению к 2019 году, – проинформировала в своем выступлении директор по управлению персоналом АО «НК «КТЖ» Тамила Микулич. – С 2018-го по 2020 год наша производительность выросла только на 14%, и у нас амбициозные планы – в течение ближайших 5 лет повысить производительность труда на 41%. Поэтому можно представить, насколько интенсивная и напряженная работа нам предстоит.

Она напомнила, что одним из факторов, влияющих на производительность, является численность работников.

Так, к примеру, за два последних года коллектив КТЖ уменьшился на 13,8 тысячи человек, из них только 2% (305 человек) уволились по соглашению сторон с выплатой компенсации. Остальные 98% работников были трудоустроены либо в КТЖ, либо в аутсорсинговые компании, либо ушли на заслуженный отдых по программе раннего выхода на пенсию.

– Таким образом, уровень «мягкой» оптимизации у нас достигает 96%. Это достаточно хороший показатель, который мы хотим удержать или улучшить в ближайшие 5 лет, – проинформировала Тамила Микулич.

ВЫГОДЫ ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ

Подводя итоги прошлого года, Тамила Микулич отметила, что в результате проводимой оптимизации персонала удалось накопить резервы по фонду оплаты труда в размере 13 миллиардов тенге. Они были направлены на выплату премии по коэффициенту трудового участия птейцам и проводникам (более 15 тысяч работников), регулярную выплату отраслевого премирования, пересмотр тарифных ставок для Шымкента, так как он стал горо-

дом республиканского значения. Кроме того, по результатам 2020 года выплачена премия региональным и линейным работникам в размере 1 МРЗП (охвачено 110 тысяч человек).

– Все это удалось реализовать именно благодаря тому, что появились резервы в фонде оплаты труда – это конкретный результат от проектов трансформации, – сказала Тамила Микулич.

БЫТЬ В АВАНГАРДЕ

О Топ-10 проектов трансформации ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» рассказал исполнительный директор – директор департамента по управлению человеческими ресурсами и планированию численности ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Адильжан Исмухамбетов. По его информации, в целях развития конкуренции в железнодорожной отрасли РК частным перевозчикам с 1 января 2021 года предоставлен доступ к магистральной железнодорожной сети, что может существенно повлиять на производственно-финансовую деятельность ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» через снижение грузооборота и доходов за услуги грузовых перевозок.

– Трансформация – жизненная необходимость. Чтобы быть в авангарде, мы должны постоянно находиться в процессе трансформации. В таких условиях товарищество вынуждено реализовывать проекты и инициативы, нацеленные на совершенство-



ГЛАВНОЙ ЦЕННОСТЬЮ КОМПАНИИ ЯВЛЯЕТСЯ БЛАГОСОСТОЯНИЕ ЕЕ РАБОТНИКОВ. ПОЭТОМУ ПРОДУМАННЫЙ ПОДХОД К РЕАЛИЗАЦИИ ПРОЕКТОВ И ТРУДОУСТРОЙСТВО ВЫСВОБОЖДАЕМЫХ СОТРУДНИКОВ ВНУТРИ ГРУППЫ КТЖ ЯВЛЯЮТСЯ ОСНОВНЫМИ ПРИОРИТЕТАМИ РЕАЛИЗАЦИИ ПРОЕКТОВ ТРАНСФОРМАЦИИ.



вание операционной модели и организационной структуры, внедрение новых технологий, автоматизацию бизнес-процессов, повышение клиентоориентированности и выведение непрофильных видов деятельности в конкурентную среду, – отметил Адильжан Исмухамбетов. – Общие выгоды от реализации проектов трансформации составят порядка 141 миллиарда тенге. Однако нужно помнить, что главной ценностью компании является благосостояние ее работников. Поэтому продуманный подход к реализации проектов и трудоустройство высвобождаемых работников внутри группы КТЖ являются основными приоритетами реализации проектов трансформации.

На примере одного из крупных проектов «Единый центр управления перевозками в городе Актобе» Адильжан Исмухамбетов рассказал о выгодах проекта, проведенных работах и трудностях при его реализации.

– Реализация проекта позволила произвести реформирование модели управления перевозочным процессом, внедрить микро-процессорную диспетчерскую централизацию, что в конечном итоге обеспечило улучшение показателей эффективности производства: снижение простоя вагонов, увеличение скорости движения поездов, уменьшение оборота вагонов, снижение топливно-энергетических затрат, повышение производительности локомотивов на 4,7%, – проинформировал он.



В целях социально ответственного высвобождения персонала на местах были созданы рабочие группы из числа работников профсоюза и других причастных структур товарищества. Проведена огромная работа по подготовке рабочих мест (создание новых производственных помещений, монтаж оборудования, установка программного обеспечения МП АСДЦ, передислокация диспетчерских кругов). Комплексный и продуманный подход к реализации проекта позволил безболезненно трудоустроить 72% высвобождаемых работников на имеющиеся вакансии в группе компаний АО «НК «КТЖ» и 28% работников высвободить в рамках программы раннего выхода на пенсию.

– Таким образом, товарищество обеспечило стопроцентное трудоустройство всех высвобождаемых работников и намерено в других проектах применить такой же подход к высвобождаемому персоналу, – заключил Адильжан Исмухамбетов.

СОЦИАЛЬНАЯ ПОДДЕРЖКА
О новшествах Программы социально-ответственного высвобождения работников участников HR-комитета поведал главный менеджер департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «КТЖ» Саян Сыздыков. В марте 2021 года решением правления КТЖ приняты Правила выплаты компенсаций высвобождаемым работникам компании и ее дочерних организаций. Они подразумевают материальную поддержку сотрудников в возрасте до 50 лет, оставшихся без дохода вследствие сокращения их должностей. Стоит отметить, что правила не распространяются на высвобождаемых работников, которым было предложено трудоустройство в рамках КТЖ или в другие организации, переданные на аутсорсинг, либо получающим доход в рамках договоров гражданско-правового характера с КТЖ.

Итак, на что могут рассчитывать подпадающие под установленные правила работники? Каждый получит единовременную разовую выплату в размере своего среднемесячного оклада, а также ежемесячное пособие, сроки и размер которого рассчитываются в зависимости от стажа работы сотрудника на железнодорожных предприятиях, тарифной ставки. Сумма ежемесячного пособия варьируется от 70 до 200 тысяч тенге, срок – от 12 до 34 месяцев.

В свою очередь, директор Центра развития и оценки персонала железнодорожного транспорта Владимир Бабиченко рассказал о реализации проектов реструктуризации трудовых ресурсов (РТР) и новых инициативах в этом направлении.

– Портфель РТР на текущий год содержит планы по 40 проектам и мероприятиям трансформации, – отметил он.

Успешно завершены проекты создания ЦУП по Западному региону, внедрения мобильных диагностических комплексов в рамках АСУ «Магистраль»,

передачи грузовых вагонов на сервисное обслуживание и мероприятия по выводу непрофильных видов деятельности в конкурентную среду.

– В рамках РТР нам есть что предложить высвобождаемым работникам, и в качестве новых инструментов на сегодня мы прорабатываем вопрос оплаты обучения их детей по программе «Магистраль», – поделился Владимир Бабиченко. – Мы хотим выйти с предложением к Самрук-Казына о трудоустройстве наших работников по оффтейк-контрактам: если КТЖ дает гарантированный заказ под новое производство, то этот производитель должен принять наших людей с сохранением условий труда и зарплат не ниже, чем у нас.

ЭФФЕКТИВНЫЕ КОММУНИКАЦИИ

– Одними из важных моментов при реализации инициатив и проектов трансформации являются своевременные и качественные внутренние коммуникации, – подчеркнула в своем выступлении бизнес-партнер департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «КТЖ» Сауле Истлеева.

Она рассказала, что при отсутствии на рабочих местах в регионах достоверной информации о планах по оптимизации бизнес-процессов, цифровизации, повышении производительности труда, компания рискует столкнуться с рисками социальной напряженности.

Именно непосредственным руководителям необходимо в период социально ответственного высвобождения обеспечить эффективные внутренние коммуникации, своевременно реагировать на жалобы, предоставлять обратную связь. С целью снижения социальных рисков разработан алгоритм действий по предупреждению и локализации трудовых споров (конфликтов) в АО «НК «КТЖ» и его дочерних организациях. Основными задачами алгоритма являются совершенствование мер предупреждения и профилактики фактов, связанных с трудовыми конфликтами, предотвращение создания условий и предпосылок для возникновения трудовых конфликтов.

В завершение HR-комитета состоялась панельная сессия с участием директора филиала АО «НК «КТЖ» – «Дирекция автоматизации и цифровизации» Салмана Амрина, руководителя блока управления программы (РМО) филиала АО «НК «КТЖ» – «Центр трансформации бизнеса» Муратжана Аюпова и заместителя председателя ОО «Казпрофтранс» Жупарбека Сабитова, которые ответили на вопросы HR-коллеги, поделились советами и кейсами по внедрению изменений, вовлечению работников в проекты по цифровой трансформации, заручились взаимной поддержкой в продвижении подходов по социально-ответственному высвобождению персонала.

Фото Александра ЖАБЧУКА

НЕПРЕРЫВНЫЙ РОСТ



Роман ЛЮБИМОВ,
Нур-Султан



Транзит через территорию Казахстана неизменно наращивает обороты. За 5 месяцев с начала текущего года объем транзитных контейнерных перевозок превысил 400 тысяч ДФЭ.

За этот период всеми видами транспорта перевезено 9,34 миллиона тонн грузов, что на 4% выше соответствующего показателя прошлого года, сообщили в СТК «KAZLOGISTICS».

Общий объем транзитных контейнерных перевозок за январь-май 2021 года составил 435 тысяч ДФЭ, на 47% превысив цифры аналогичного периода минувшего года.

На 67% вырос транзит в направлении Китай – Европа – Китай. За пять месяцев он достиг 286,4 тысячи ДФЭ. Демонстрирует рост на 1,2% транзит железнодорожным транспортом – 8,4 миллиона тонн с января по май текущего года.

ЗАМЕЧАНИЙ СТАЛО МЕНЬШЕ



Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Нур-Султан



На железнодорожном вокзальном комплексе «Нұрлы жол» в столице прошла республиканская акция «Приемная на вокзале».



Пассажиры и провозжающие ознакомились с профилактическими материалами по предупреждению происшествий на стальной магистрали.

Работники вокзала совместно с полицейскими комплекса «Нұрлы жол» и руководством ЛУП на станции Нур-Султан довели до граждан основные правила безопасности при нахождении на объектах транспорта, а также принципы нулевой терпимости к беспорядку и правонарушениям. Люди с интересом включились в акцию, они активно делились своим мнением по улучшению сервиса в поездах и на вокзалах, а также профилактике травматизма и преступлений. Стоит отметить, что замечаний высказано намного меньше, чем слов благодарности в адрес железнодорожников и полицейских.

– Мы, как пассажиры, видим развитие сервиса на вокзалах и в поездах. Находиться в зале ожидания комфортно, созданы все условия для посетителей, и что немаловажно, чувствуешь себя в безопасности. То же самое могу сказать и о путешествиях на поездах. Это мой любимый вид транспорта, и я рада, что он становится современным, быстрее и безопаснее из года в год, – поделилась жительница столицы Майгуль Сатбалдинова.

В свою очередь, организаторы акции напомнили, что от бдительности граждан зачастую зависит не только сохранность материальных ценностей, но и их здоровье и жизнь.

Фото автора



ПО ТЕМ ЖЕ РЕЛЬСАМ



Кирилл МАКСИМОВ,
Ақмолинская область



Летом особенно активно ведутся профилактические мероприятия с жителями расположенных вблизи железнодорожного полотна населенных пунктов. На минувшей неделе с населением встретились работники станции Ерейментау.

Цель рейда, организованного железнодорожниками совместно с акиматом и сотрудниками линейного отделения станции Ерейментау, из года в год остается прежней – предотвращение экстренных торможений грузовых и пассажирских поездов из-за нахождения на путях домашнего скота.

Особое внимание железнодорожники уделили перегонкам Ерейментау – Торгай, а также Торгай – Селеты, где, по статистике, наиболее часто фиксируются случаи применения машинистами экстренного торможения.

Жителям близлежащих населенных пунктов вновь рассказали об ответственности за нарушение правил выпаса скота, раздали памятки и призвали не оставлять животных без присмотра.

К слову, в ходе рейда к административной ответственности по ст. 559 ч. 1 КоАП РК привлечен житель села Торгай, безнадзорный скот которого был обнаружен в полосе отвода. Разъяснительной беседой охвачены также отгонные и фермерские хозяйства.

Фото автора

Сұхбат

Кәсіподақтың жұмысы қай қоғамда да маңызды. Өйткені, қанша жерден әділ қоғам орнағанымен, жұмышы мен жұмыс беруші арасында түсініспеушілік болмай тұрмайды. Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Серік Ақшораевпен сұхбатымыз осы тақырып төңірегінде өрбіді.



ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ-МІНДЕТІМІЗ

– Серік Әбілдаұлы, кәсіподақ ұйымының мүшелері теміржолшылар құқығы мен оған кәсіподақтың әсері туралы әңгімелеп берсеңіз.

– Кәсіподақтың мүшелері, яғни теміржолшылар өздерінің жұмысына қатысты мәселелер бойынша бізден кез келген заңгерлік көмекті тегін алуға құқылары бар. Сонымен қатар бұған Ұжымдық шартта және ресми заңнамада көзделген экономикалық және әлеуметтік жеңілдіктер мен нормалар да кіреді. Біз қызметкерлерге қатысты әділетсіз әрекеттер жасалған, кемшіл шешімдер қолданылған жағдайда кәсіби тұрғыда қорғауға мүдделіміз. Жұмыстан шығару оқиғаларына да араласуға құқымыз бар. Сөйтсе да кәсіподақтың құқықтық қорғауға араласуына болады. Кәсіподақ мамандарының еңбекақыны уақытылы төлеу және есеп айырысу мәселелері бойынша көмегі де аса маңызды. Жұмыс орнындағы еңбек жағдайларын жақсарту бойынша мүдделерді қорғауға міндеттіміз. Ықтимал өндірістік жарақаттардан қосымша сақтандыру бағытында да атқарған жұмыстарымыз баршылық. Теміржолшыларды спорттық және мәдени құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге септесіп тұрамыз.

Айта кетейін, біздің бастауыш кәсіподақ ұйымы активінің жалпы саны 12 адамды құрайды. Кәсіподақ комитетіне ұйымның неғұрлым белсенді мүшелері жиналған. Өткен жылы ұйымдастырылған 11 отырыста кәсіподақ комитетінің барлық бағыттарын қамтитын мәселелер, оның ішінде Ұжымдық шарттың сақталуын бақылау, әлеуметтік-экономикалық мәселелер, ақпараттық жұмыс, еңбекті қорғау, қызметкерлерді сауықтыру, мәдени-бұқаралық жұмыс, т.т. талқыланды.

Жалпы, кәсіподақтар атқарып отырған жұмысы аз емес. Алдағы уақытта жастарды кәсіподақ жұмысына белсенді түрде тартып, олардың құқықтық сауаттылығын арттыра отырып, жас қызметкерлер үшін түрлі форумдар өткізетін боламыз. Сондай-ақ кәсіподақ пен ұжымның тығыз ынтымақтастығын арттыра түсуді әркез күн тәртібінен ысырған емеспіз. Жоспарлы әртүрлі іс-шаралар да өткіземіз. Оның ішінде мәдени-бұқаралық кештер, спорттық ойындар, қайырымдылық көмек шараларын, балалармен жұмыс бағытын назардан тыс қалдырмаймыз. Жыл сайын филиал қызметкерлері арасында футбол, хоккей, бильярд, шахмат ойындары, зейнеткерлер мен теміржолдың еңбек ардагерлерін белсенді түрде тарта отырып, түрлі турнирлер өткізіледі.

Рас, әлем елдерінде қалыптасқан пандемиялық жағдайға, карантиндік ахуалға байланысты мұндай шаруалар біршама кідіріс тапқан болатын. Мемлекеттің, жергілікті биліктің, біздің компания басшылығының жүйелі атқарған жұмыстарының арқасында халықтың денсаулығы қалыпқа түсіп келеді. Қауіпті індетті жеңіп келеміз.

– Жұмыс беруші мен кәсіподақ ұйымы арасындағы әлеуметтік әріптестіктің негізгі құралы Ұжымдық шартқа тоқталсаңыз.

– Ұжымдық шарт қолданыстағы еңбек заңнамасының шеңберін кеңейтуге, еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды қосымша қаржыландыруды қамтамасыз етуге, қызметкерлердің еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсартуға, оларға материалдық көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Кәсіподақ ұйымының төрағасы жоғары тұрған кәсіподақ ұйымының шешімдері мен қаулыларын ұжым мен директордың назарына жеткізеді. Бір жыл ішінде кәсіподақ комитеті мен Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің бастауыш кәсіподақ ұйымы қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек қатынастарына қатысты бұйрықтар мен өкімдер келісіді. Бұған еңбек нормалары, еңбекақы төлеу, мереке алдындағы және мереке күндеріндегі жұмыс, еңбекті қорғау мәселелері, қызметкерлердің сауығуы мен демалысын ұйымдастыру мәселелері және басқалар кіреді. Бүгінгі таңда ұйымның барлық қызметкерлері ұжымдық шартқа сәйкес берілетін әлеуметтік жеңілдіктерді пайдалану үстінде. Барлық жұмыс орындарында жекелеген жұмыс түрлеріне арналған еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар бар. Нұсқаулықтарды ұйымның директоры бекітеді және кәсіподақ комитеті шешімінің хаттамасы негізінде кәсіподақ комитетінің төрағасымен келісіледі. Қажет болған жағдайда жаңа қосымшалар қамбылданады.

– Еңбекті қорғау – қауіп-қатері мол өндірісте жұмыс істейтін теміржолшылар үшін маңызды мәселе. Бұл тұрғыда нендей шаралар қолға алынуда?

– Қауіпсіз еңбекті қамтамасыз ету – бөлімшенің басым міндеттерінің бірі, өйткені мұнда әрбір адам пойыздар қозғалысының қауіпсіздігіне жауап береді. Сондай-ақ кәсіподақ пен әкімшілік ұжымның бірлескен күш-жігерімен қауіпсіздік мәселелерін шешуді қолға алды. Мекемеде теміржолшылардың қатысуымен түсіндіру жиындары, нұсқаулықтар жиі өткізіледі. Қауіпсіздік техникасын жан-жақты ұғындыратын бұрыштар құрылған. Қазіргі уақытта бөлімшенің барлық қызметкерлері арнайы киіммен қамтамасыз етілген. Жыл сайын Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне орай семинарлар, викториналық сұрақтар мен арнайы басқосулар ұйымдастырылып тұрады.

Кәсіподақ комитетінің қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі мәдени-бұқаралық жұмыс болып табылады. Өйткені, жақсы демалыс жұмысқа қабілеттілікті арттырады және күш-жігерді көтеруге ықпал етеді. Қызметкерлерді кәсіби және күнтізбелік мерекелермен, мерейтойлық даталармен, баласының дүниеге келуімен құттықтау игі дәстүрге айналған. Мерейтойлық даталарға орай қызметкерлерге алғыс хаттар мен сыйлықтар табыс етіледі.

– Сала қызметкерлерін қаржылық қолдау, көмектеріңіз, жалпы қазыналарыңыздың игерілу бағытындағы шаруаларыңыз туралы айтып бересіз бе?

– Кәсіподақ ұйымының қызметін қаржылық қамтамасыз ету заңнама мен бухгалтерлік есеп нормаларын сақтай отырып, кәсіподақ комитеті бекіткен сметаға, кәсіподақ комитетінің шешімдеріне сәйкес жүргізілді. Мәдени-бұқаралық, спорттық-сауықтыру іс-шараларын өткізу және материалдық көмек көрсету үшін кәсіподақ комитетінің кірістер мен шығыстар сметасында арнайы қаражат көзделген. Қаражатты шығыстар баптары бойынша бөлу кәсіподақ комитетінің шешімімен бекітілген.

Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің бастауыш кәсіподақ ұйымы өткен жылы материалдық көмекке 15 300 000 теңге шамасында қаржы жұмсады. Елдегі қауіпті індетке байланысты орын алған төтенше жағдай кезінде біздің ұйым да әрбір қайырымдылық әрекеттерінен шетте қалған жоқ. Бес Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагеріне моральдық қолдау көрсетіп, материалдық көмегімізді бердік. Сондай-ақ көп балалы теміржолшылардың отбасылары мен жалғызбасты аналарға, мүгедек балалар мен мүмкіндігі шектеулі зейнеткерлерге жәрдемдімізді аяған жоқпыз. Оларды азық-түлік себеттерімен қамтамасыз еттік.

Біздің бөлімше қызметкерлерінің арасында 5 және одан көп баласы бар отбасылар жетерлік. Сондай шаңырақтардағы 159 жеткіншекке жалпы сомасы 1 853 000 теңге көлемінде қайырымдылық жасалды.


Сондай-ақ, өндірістік жарақат алған 12 адамға, Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан 6 ардагерге және түрлі себеппен 217 теміржолшыға жалпы сомасы 2 630 000 теңге көлемінде ақша үлестірілді. COVID-19 індетін жұқтырған 9 қызметкерімізге кәсіподақтан 216 000 теңге сомасында материалдық көмек көрсетілді. Түрлі жарыстарға қатысушыларға, мамандық бойынша үздіктерге, мерейтойлық датамен зейнетке шыққан мамандарымызға 6 173 175 теңге берілді.

6 942 000 теңгені коронавирус инфекциясына қарсы күрес жұмыстарына бағыттадық. Бұл қаржыға медициналық маскалар, қолғаптар, антисептикалық құралдар сатып алынды. Спорттық іс-шаралар өткізу үшін спорт залдарын жалға алуға, бильярд, футбол ойындарынан турнирлер өткізуге, спорт құрал-жабдықтарын сатып алуға 400 000 теңге бөлдік. Білім күніне орай теміржолшылардың үйіндегі 105 оқушыға 1 600 000 теңге сомасындағы қаражатқа мектепке қажетті керек-жарақтарын алып бердік. Сонымен қатар әртүрлі байқау, жарыстарға қатысушыларымызды марапаттап отырамыз.

– Әңгімеңізге рахмет!

**Сұхбатты жүргізген Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл облысы
Суретті түсірген автор**

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТҰҢҒЫШ МАГИСТРАЛІ



Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан



1998 жылы мамыр айында егемен Қазақстанның тарихында тұңғыш рет Павлодар облысының Ақсу қаласы мен Шығыс Қазақстан облысындағы Дегелең арасын жалғайтын темір жол құрылысы басталды. Жолдың жалпы ұзындығы – 184 шақырым. Құрылысты жүргізу барысында басты жолдар, 4 жаңа станция, Ертіс-Қарағанды

каналы арқылы жаңа көпір, магистраль жұмысын қамтамасыз ету үшін өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық ғимараттар салынды. Известковый, Көл, Талды, Ақсу-2, Көктөбе, Құркөл, Май, Жұмыскер станциялары бой көтеріп, қосымша көптеген жұмыс орындары ашылды. Семей ядролық сынақ полигонының жабылуымен

тоқырап қалған Конечная станциясы өзінің тарихи Дегелең атауын қайтарып, қайта түледі. Екі ірі өндірістік қала Павлодар мен Семей арасы 600 шақырымға қысқарып, жол жүру уақыты 10-12 сағатқа күрт азайды. Жаңа телім ашылғанға дейін Павлодардан Семей арасында қатынау үшін шекараны кесіп, Ресейдегі Құлынды, Локоть станциялары арқылы айналып жүруге тура келетін еді. Жолаушылар мен жүк тасымалдаушылар қаражаты, уақыты үнемделді. Павлодар-Семей-Алматы бағдары бойынша жолаушылар пойыздарының жолда жүру уақыты 6 сағатқа қысқарды. Жаңа маршруттың жүк тасымалы алғашқы жылдары шығындарды 15-20%-ға қысқартуға мүмкіндік берді, кейін одан да азайтты.

2001 жылы Елбасы Н.Назарбаевтың қатысуымен Ақсу-Дегелең магистралінің ашылу салтанаты өтті. Солтүстік пен шығысты жалғастыратын жолдың маңыздылығына ерекше тоқталған Тұңғыш Президент пайдалануға берілуімен бұрынғы айналма қашықтық 600 шақырымға дейін қысқарғанын атап өтті. «Ақсу-Дегелең» жобасын ел экономикасының қайта өрлеуінің көрсеткіші ретінде сипаттады.

ҒАЛАМШАРДЫ ТАЗАРТУДЫ ӨЗІҢНЕН БАСТА...



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

«Биыл ҚР жаңа Экологиялық кодексінің енгізілуіне байланысты «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС басшылығы ағымдағы жылды Экологиялық мәдениет жылы деп жариялауға шешім қабылдады. Экологиялық білім беру, ағарту және тәрбиелеу арқылы мамандар мен барлық қызметкерлердің экологиялық санасын жетілдіру өте маңызды. Сонда ғана біз қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бағытындағы күресте кең әлеуметтік-құқықтық және экономикалық қолдауға ие бола аламыз», – дейді «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС менеджері Светлана Садықова.

Оның айтуынша, Экологиялық мәдениет жылын жоғары деңгейде ұйымдастыру шеңберінде ҚТЖ-Жүк тасымалында жоспарлы-техникалық іс-шаралар әзірленіп, бекітілген. Соның бірі, нысандарды ҚР Экологиялық кодексе талаптарына сәйкес келтіру екен. Мәселен, Жамбыл станциясындағы құм кептіру шаруашылығының шаң-газдан қорғау құрылғыларына күрделі жөндеу жүргізу қарастырылса, Семей, Ақмола жол бөлімшелерінде қалдықтарды уақытша сақтауға арналған контейнерлік алаңдарды

орнату жоспарланған.

Жалпы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС екі жыл бұрын өзінің барлық филиалдарында қалдықтарды бөлек жинаудың жүйесін енгізген болатын. Оның шеңберінде кеңселерде қағаз, шыны, пластмасса, аккумуляторлар батареяларына және басқаларға арналған эко-раппарт орнатылған еді.

Жобаны іске асырудың бірінші жылында 29 тоннаға жуық, 2020 жылы 43, 7 тонна қалдықтар сыртқы тарап ұйымдарына одан әрі өңдеу үшін берілді. Ал биылғы жылдың 5 айында 10,2 тонна қалдық тапсырылған.

– Қалдықтарды бөлек жинау экологиялық жағдайды жақсартуға үлес қосып қана қоймай, экономикалық тиімділікке де әкеліп отыр. Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару және жою бойынша шығындар 14,2 миллион теңгеге азайып, қыруар қаржы үнемделді. Табиғи ресурстарды ақылға қонымды және ұтымды пайдалану, экологиялық жағдайды жақсарту мәселелері жыл сайын өзектілігін арттырып келеді. Біз үшін жерді дұрыс пайдалана білуді, табиғатпен үйлесімді өмір сүруді және оны болашақ ұрпаққа сақтауды үйрену маңызды, – дейді Светлана Садықова.

Бөлек жиналған қалдықтардың көлемі бойынша Ақмола филиалы көш бастаса, үздік үштікке Қызыл-

орда және Жамбыл филиалдары да кірген.

«Біздің бөлімшенің теміржолшылары Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасы аясында өз үлестерін қосуда. Аумақты қоқыстан тазартып, сенбіліктер ұйымдастыру, көшеттер отырғызу, көгалдандыру, тағысын тағы шаралар бізде дәстүрге айналған», – дейді Ақмола филиалының бас инженері Сайран Баржаксин.

Қалдықтарды сұрыптау теміржолдағы жалғыз экологиялық бастама емес. Еліміздің барлық аймақтарында «Тап екі!», «Ағаш отырғыз» экологиялық акциялары өтіп, оған 1500-ге жуық теміржолшы қатысқан. Олар әкімшілік, тұрмыстық және өндірістік нысандар аумағында 560-тан астам көшет егіп, 145 гүлзар төсеген және онда мыңдаған гүлдер отырғызған. 9400-ден астам теміржолшылар сыпырғыштармен, тырмалармен және күректермен қаруланып, әкімшілік-тұрмыстық және өндірістік нысандардың 400 мың шаршы метрден астам аумағын қоқыстан тазартты. Олар «Бірге – таза темір жол» экологиялық акциясы аясында қалдықтармен күресуге шықты. Қазір жол бөлімшелерінде «Қалдықтарды жинап, қайта өңдеуге тапсырыңыз» атты экологиялық марафон өтіп жатыр. Іс-шара жыл соңында аяқталмақ.

КЕМШІЛІКТЕР ЖОЙЫЛУДА



Теміржол шаруашылығында жолдың сапалы болуы басты орында тұрады. Себебі, қауіпсіздікке бірден бір кепіл – ол сапалы көрсеткіштер. Ал жолды күтіп-баптап ұстауды, адами еңбек күші мен техникалық ресурстарды қамтиды.



текші инженері Дана Өмірбаева.

Айта кетейік, Шымкент жол дистанциясында 15 ақауатқыш арбаның 12-сі жұмыс істеп тұр. «Быыл көктемгі тексеру кезінде еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздікті сақтау бойынша 119 кемшілік анықталды. Негізгі кемшіліктерді күнделікті қолданатын құрал-саймандарды жөндеу, балға, күрек саптарын ауыстыру, т.т. ұсақ-түйек болғанмен, дистанция басшылығы оларды жоюды бірден қолға алды. Бүгінде 119 кемшіліктің 85% жойылды. Ал ақауатқыш техникаларды жөндеп, толықтыруға РДМ-22 түрлендіргіш блогынан 5 дана, аккумулятор 20 амп – 5 дана, РДМ-22 орталықтандыру жүйесінен 3 дана қажеттігін анықтадық. Бұл техникалар толық болған жағдайда жолшылардың жұмысы жеңілдеп, жақсара түсері сөзсіз», – деді дистанцияның же-

шыққан. Жолшылар 18 құбырдың жан-жағын шөптен тазартты, 12 құбырдың аузын тастан аршып тазартты.

Бұдан басқа, 166 көпірдің ағаш білеулерінің ақауын белгілеп, 11 құбырдың қабырғасын тот басып кеткенін, 4 көпірдің кері қабырғасын ұзарту керектігін, 12 көпір мен құбыр бастарын биіктету қажет болғанын анықтады. Бүгінгі таңда аталған кемшіліктердің 53% жойылыпты.

Суретті түсірген автор

Интервью ИДЕАЛЬНЫЙ НАСТАВНИК – ЭТО ЛЮБОЗНАТЕЛЬНЫЙ УЧЕНИК

Какой он – идеальный наставник? Почему, несмотря на дополнительную нагрузку, менторство стоит всех усилий? Как наставничество помогает компании создать лояльный пул специалистов? На все эти вопросы ответила в интервью бизнес-партнер департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «КТЖ» Акмарал БАЙГАБУЛОВА, которая знает о работе с молодежью все. Более 10 лет она работает в этом направлении в крупнейшей нацкомпании страны, являясь также наставником в программах Фонда «Самрук-Қазына» – «Жас Өркен» и «Цифровое лето».

– Со студенческих времен я занимаю активную жизненную позицию. Я входила в ряды Альянса студентов Казахстана, в Конгресс молодежи РК, мы решали правовые, социально-экономические и бытовые проблемы молодежи, развивали интеллектуальный потенциал студентов, популяризировали среди них здоровый образ жизни. Поэтому я хорошо понимаю желания и цели молодых людей.

